

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КОНТЕНТТЕР

Рамазанова Балауса Құснихатқызы

[Balausa228@gmail.com](mailto:Balausa228@gmail.com)

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент-Қамарова Н.С.

Қазіргі жаһандану дәуірінде ақпараттық технологиялармен интернеттің дамуы қоғам өмірінің барлық салаларына терең ықпал етуде. Әсіресе, әлеуметтік желілер адамдар арасындағы қарым-қатынасты жеңілдетіп, ақпарат алмасудың жылдамдығын арттырып, түрлі салаларда жаңа мүмкіндіктер ашуда. Дегенмен, бұл үрдіс бірқатар жаңа мәселелерді де туындатып отыр. Әлеуметтік желілер – ақпарат тарату құралы, қоғамдық пікір қалыптастыратын маңызды алаңға айналды. Қазақ тіліндегі контенттің сапасымен оның қолжетімділігі өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылуы қажет. Әлеуметтік желілердің қазіргі қоғамдағы рөлі өте ауқымды. Олар күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналып, жеке тұлғалардан бастап, ірі ұйымдар мен мемлекеттік құрылымдарға дейін кеңінен қолданылады. Ақпараттың таралу жылдамдығы мен оның қолжетімділігі адамдардың өмір салтын, танымын және дүниетанымын өзгертуде. Әлеуметтік желілер арқылы білім алу, кәсіпкерлікпен айналысу, жаңалықтарды бақылау және мәдени мұраны дәріптеу мүмкіндіктері кеңейіп келеді. Дегенмен, қазақ тіліндегі контенттің сапасы мен саны өзге тілдердегі контентпен салыстырғанда төмен деңгейде қалуы тілдік орта мен ұлттық мәдениеттің дамуына әсерін тигізуі мүмкін. Осы тұрғыдан қарастырғанда, қазақ тіліндегі контент мәселесі бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Сандық дәуірде ұлттың рухани мұрасын, тілімен мәдениетін дамыту үшін сапалы қазақ тіліндегі контенттің жеткілікті болуы аса маңызды. Қазақ тілін қолданушылар саны айтарлықтай болғанымен, сапалы әрі мазмұнды контенттің тапшылығы мәселесі, әсіресе, білім беру, ғылыми-ағартушылық материалдар, мәдени-танымдық жобалар саласында айқын көрінеді. Осыған байланысты қазақ тілінде қызықты әрі пайдалы ақпараттарды көбейту қажеттілігі арқылы біз қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтіп, оны цифрлық кеңістікте бәсекеге қабілетті ете аламыз. Осы зерттеудің мақсаты – әлеуметтік желілердегі қазақ тіліндегі контенттің қазіргі жағдайын талдау және оның дамуына ықпал ететін негізгі факторларды анықтау. Бұл мақсатқа жету үшін зерттеу бірнеше міндеттерді қарастырады: біріншіден, қазақ тіліндегі контенттің көлемімен сапасына талдау жүргізу; екіншіден, әлеуметтік желілерде қазақ тілінің қолданылу деңгейін зерттеу; үшіншіден, қазақ тіліндегі контентті дамытуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу. Бұл зерттеу қазақ тілінің цифрлық кеңістікте кеңінен қолданылуына үлес қосып, әлеуметтік желілердегі қазақ тілді аудиторияны ынталандыруға көмектеседі.

Бүгінде әлеуметтік желідегі қазақ тілді контенттің дамуы қоғам үшін өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Контенттің сандық және сапалық сипаты кең аудиторияға оның таралуымен қолжетімділігін анықтайды. Қазақ тіліндегі контенттің саны күн санап артып келе жатқанымен, оның сапасы мен мазмұны әртүрлі деңгейде қалыптасуда. Кейбір платформаларда сапалы әрі мазмұнды материалдар жарияланса, кейбірінде тек танымалдылық пен аудитория жинауға бағытталған, терең мазмұны жоқ ақпараттар басым болуда. Қазақ тіліндегі контенттің негізгі бағыттары сан алуан. Ақпараттық контент жаңалықтар, сараптамалық материалдар, әлеуметтік мәселелерді талдау түрінде көрініс табады. Танымдық бағыттағы контент тарихи деректер, мәдени құндылықтар, ұлттық дәстүрлер, тіл үйренуге арналған материалдарды қамтиды. Сонымен қатар, ойын-сауықтық контентте кеңінен дамып келеді, оған әзіл-сықақ видеолар, челленждер, түрлі блогтар жатады. Мәдени бағыттағы контент қазақ өнері, әдебиеті, киносы мен музыкасына қатысты

материалдарды қамтиды, ал ғылыми контент нақты зерттеулер, талдаулар мен білім беруге бағытталған материалдарды ұсынады.

Қазақ тіліндегі контенттің таралуына әсер ететін бірнеше маңызды фактор бар. Соның ішінде тілдік саясат пен мемлекеттік қолдаудың маңызы зор. Мемлекет тарапынан қазақ тіліндегі медиа мен цифрлық платформаларды дамытуға бағытталған бағдарламалар жүзеге асқанымен, олардың тиімділігі әртүрлі деңгейде қалыптасып отыр. Қазақ тілді контент жасаушыларға қаржылай және инфрақұрылымдық қолдау көрсету арқылы бұл бағыттағы жұмысты жандандыруға болады. Тіл саясатының жүйелі түрде іске асуы, қазақ тіліндегі контенттің сапасы мен таралуына тікелей ықпал етеді. Егер, қазақ тіліндегі контент мемлекеттік деңгейде стратегиялық маңызға ие бағыт ретінде қарастырылса, онда оның тұтынушыларының саны да, оның сапасы да арта түсер еді. Цифрлық технологиялармен платформалар қазақ тіліндегі сапалы контентті кеңінен таратуға үлкен мүмкіндік береді. Әлеуметтік желілер, видеохостингтер, подкаст платформалары, аудиоконтент пен блогтар қазақ тілді аудитория үшін маңызды ақпарат құралдарын тиімді пайдалану арқылы қазақ тіліндегі контенттің ауқымын кеңейтуге болады. Мәселен, YouTube пен TikTok секілді платформалар қазақ тілінде түрлі тақырыптағы сапалы видеоларды таратуға мүмкіндік берсе, Telegram мен Instagram мазмұнды мәтіндік және аудиовизуалды материалдарды жеткізуге тиімді. Қазақ тілді контент өндірушілер осы платформалардың алгоритмдерін жақсы меңгеріп, өз аудиториясын кеңейту үшін жаңа трендтерді игеруі қажет. Жасанды интеллект пен цифрлық маркетинг құралдарын пайдалану арқылы қазақ тіліндегі контенттің танымалдығын арттыруға болады.

Қазақ тілді аудиторияның сұранысы мен белсенділігі контент өндірушілер үшін аса маңызды. Бүгінде қазақ тілді пайдаланушылар сапалы, танымдық, ойын-сауықтық, мәдени және ғылыми контентке мұқтаж. Дегенмен, ұсынылып жатқан контенттің сапасы барлық аудиторияның қажеттілігін қанағаттандыра бермейді. Қазақ тілді пайдаланушылар көбіне жаңалықтарды, тарихи-танымдық материалдарды, өмірлік кеңестерді, аналитикалық шолуларды және ұлттық мәдениетті насихаттайтын контентті тұтынуға бейім. Осы қажеттілікті ескере отырып, контент жасаушылар сапалы әрі қызықты өнімдерді көбірек ұсынуы керек. Оқырмандардың сұранысын зерттеп, қазақ тілді контентке деген қызығушылықты арттыру үшін интерактивті құралдарды, сауалнамаларды, пікірталас алаңдарын ұйымдастыру да тиімді тәсіл болмақ.

Қазақ тіліндегі контенттің монетизациялануы – маңызды мәселелердің бірі. Контент жасаушылар үшін сапалы әрі тұрақты өнім ұсыну үшін қаржылай қолдау қажет. Бүгінде жарнама, демеушілік келісімдер, жазылым қызметтері және донат жүйелері арқылы қазақ тілді контентті қаржыландыруға болады. Алайда, қазақ тілді аудитория арасында ақылы контентке жазылу мәдениеті әлі де қалыптасу үстінде. Бұл бағытта пайдаланушылардың санасын өсіру үшін контент жасаушылар сапалы өнім ұсынумен қатар, оның құндылығын жеткізе білуі керек. Егер, қазақ тіліндегі сапалы контенттің құны артса, оны тұтынушылар саны да өседі, бұл өз кезегінде контент өндірушілердің қаржылық тұрақтылығына оң әсер етеді. Қазақ тіліндегі контенттің таралуына әсер ететін осы факторлардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысты. Мемлекеттік қолдау, цифрлық платформалардың мүмкіндіктерін пайдалану, аудиторияның белсенділігі және қаржылық тұрақтылық секілді мәселелер кешенді түрде шешілген жағдайда ғана қазақ тіліндегі контенттің сапасымен таралу ауқымы кеңейе түспек. Осы бағытта жүйелі жұмыс атқарылса, қазақ тілді контенттің болашағы жарқын болары анық.

Қазақ тілді контент өндірушілердің қатарында журналистер, блогерлер, түрлі ұйымдар мен қауымдастықтар бар. Мысалы, таза қазақ тілінде сөйлеу мен жазуды насихаттаушы Назгүл Қожабек "Калькасыз қазақ тілі" атты телеграм арнасын жүргізіп, қазақша сауатты сөйлеуге баулиды. Оның әлеуметтік желідегі белсенділігі қазақ тілін қате қолданудан арылтуға бағытталған, осы мақсатта өз парақшаларында қазақ тілін дұрыс қолдану, шұбалаңқылықтан арылу, калькадан арылу жөнінде маңызды кеңестер беріп, көпшілікті таза, табиғи қазақ тілінде сөйлеуге үндейді. Мәселен, «мен сені күтіп тұрмын»

тіркесі орнына «мен сені күтіп отырмын» деудің дұрыстығын дәлелдеп, грамматикалық әрі стилистикалық тұрғыда түсіндірме береді. Сонымен қатар, тіл мәдениетіне байланысты түрлі талқылаулар өткізіп, оқырмандарының сауатын арттыруға зор үлес қосуда. Оның жұмысы қазақ тілінің қоғамда қолдану аясын кеңейтуге ықпал етіп келеді. Тағы бір мысал ретінде TikTok платформасындағы қазақ тілінде тарихты насихаттайтын @tarikh.kz akkaунтын келтіруге болады. Бұл парақшада тарихи деректер, ескерткіштер, батырлар мен билер туралы қысқа әрі әсерлі видеолар жарияланады. Контент бейнелі, визуалды тұрғыда тартымды және ақпарат мазмұны нақты деректерге негізделген. Жастар арасында үлкен қызығушылық тудырып отырған бұл жобалар қазақ тілінде тарихи-танымдық контентке деген сұраныстың жоғары екенін көрсетеді. Танымал журналист Дана Нұржігіт қазақ және орыс тілдерінде еркін сөйлеп, аудиториясына екі тілде сапалы ақпарат ұсына отырып, тілді жетік меңгерудің маңыздылығын көрсетеді. Журналистика саласында көпжылдық тәжірибесі бар кәсіби маман ретінде түрлі әлеуметтік, мәдени және саяси тақырыптарды қозғап, қазақ тілінде сапалы сараптамалық материалдар ұсынады. Тікелей эфирдегі сөз саптауы, ой жүйелілігі мен тілдік қоры өзге журналистерге үлгі боларлықтай. Ақпарат таратумен шектелмей, тілдік мәдениетті сақтауға ерекше көңіл бөледі. Сонымен қатар, оның қазақ тілі мен мәдениетіне қатысты ой-пікірлері халық арасында кеңінен таралып, ұлттық сананы қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Тарихи мұраларды насихаттау бағытында Әшім Әлияның еңбегі ерекше. Қазақ тілінде тарихи ескерткіштер мен жәдігерлерді таныстыратын видеолар дайындап, оларды әлеуметтік желілерде кеңінен таратады. Сапалы түсірілімдері мен мазмұнды бейнебаяндары көптеген адамды ұлттық мұралармен таныстырып, көпшіліктің қызығушылығын арттыруда. Әлия тарихи нысандарды жан-жақты зерттеп, олардың тарихи маңызын аудиториясына ұғынықты тілде жеткізеді. Жасаған контенті арқылы жастардың тарихқа деген қызығушылығын арттырып, олардың өз мәдениеті мен мұрасына құрметпен қарауына ықпал етуде. Әлияның контенті тарихи деректерді ғылыми ортада және қарапайым халық арасында да кеңінен насихаттауға мүмкіндік береді. Динара Болат саяхат пен өмір салты туралы қазақ тілінде қызықты блог жүргізеді. Ол күнделікті өмірдің жарқын сәттерін қарапайым әрі түсінікті тілде баяндап, аудиториясын позитивті ойлауға және жаңа нәрселерді зерттеуге шабыттандырады. Блогы қазақ тіліндегі саяхат контентін дамытудың жарқын үлгісі болып табылады. Әр сапарынан ерекше әсер қалдыратын әңгімелер мен пайдалы кеңестер, сұрақ-жауап айдарларын ұсынады. Динара қазақ тілінде саяхаттауға байланысты пайдалы ақпараттар, жол сапарлары мен лайфхактар жайлы бөлісіп, қазақ аудиториясына жаңа мүмкіндіктер көрсетеді. Оның контенті арқылы қазақ тіліндегі сапалы туристік материалдарға деген сұраныс артып келеді. Ал сценарист Перизат Мырзахмет қазақ тілінде сапалы контент жасаудың жарқын үлгісін көрсетуде. Патриоттық рухтағы материалдар дайындап, сценарийлерін тек ана тілінде жазады. Оның шығармашылық жұмыстары қазақ көрерменіне жақын әрі түсінікті, өйткені қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеріп, оларды шынайы әрі терең талдайды. Перизат жасаған сценарийлерге түсірілген кинофильмдер көрермендердің жүрегінен жол тауып, қазақ тілінде сапалы медиа өнімдер жасауға болатындығын дәлелдеп келеді. Әрбір жобасында қазақи құндылықтарды дәріштеп, тілдің табиғи қолданылуын қамтамасыз етуге тырысады. Жұмысы қазақ кино индустриясында, әсіресе сапалы сценарий жазу саласында маңызды рөл атқаруда. Аты аталған тұлғалардың еңбектері әлеуметтік желілердегі қазақ тілді контенттің дамуына үлкен үлес қосып, оны сапалы әрі мазмұнды етуге бағытталған. Мұндай үрдіс болашақта қазақ тілінің өркендеуіне оң әсерін тигізіп, оның қолданыс аясын кеңейте түседі. Осы талданған мысалдар әлеуметтік желілердегі қазақ тіліндегі контенттің нақты әрі мақсатты аудиторияға бағытталу қажеттілігін көрсетеді. Тек жалпы мазмұн емес, нақты салаға (тіл, тарих, мәдениет) бағытталған сапалы контент қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтіп қана қоймай, аудиторияның қызығушылығын да арттыра түседі.

Әлеуметтік желілердегі қазақ тіліндегі контенттің сапасы мен өзекті мәселелері қоғамдағы ақпараттық кеңістіктің ажырамас бөлігіне айналды. Қазіргі таңда контент жасаушылардың саны артқанымен, олардың өнімдерінің сапасы әртүрлі деңгейде

қалыптасуда. Сапалы контент ұсыну үшін белгілі бір талаптар қойылады. Оның ішінде мазмұнның нақтылығы, ақпараттың сенімділігі, тілдік нормалардың сақталуы және аудиторияға түсінікті әрі тартымды жеткізілуі маңызды. Әлеуметтік желілердегі контент сапасына назар аудару – қазақ тілінің дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы негізгі қадамдардың бірі. Контент жасаушылардың кейде ақпараттың дәлдігіне жеткілікті мән бермеуінің салдарынан, әсіресе жаңалықтармен сараптамалық материалдарда көрініс табады. Жалған ақпараттың таралуы қоғамда түсініспеушіліктер тудырып, аудиторияның сенімін төмендетеді. Әлеуметтік желілерде тез таралатын мәліметтердің шынайылығын тексеру үшін фактчекинг құралдарын қолдану қажет. Сонымен қатар, тілдік нормалардың сақталмауы да маңызды мәселелердің бірі. Кейбір блогерлер мен контент өндірушілер қазақ тілінің грамматикалық және стилистикалық ережелеріне көңіл бөлмей, сапасыз аудармалар мен калька сөздерді жиі пайдалануы оқырмандардың тілді дұрыс қабылдауына кедергі келтіріп, қазақ тілінің қолданылу мәдениетіне нұқсан келтіреді. Қазақ тіліне аударылған материалдардың сапасы да үлкен мәселе болып отыр. Көптеген аудармалар тікелей сөзбе-сөз жасалып, бастапқы мәтіннің мағынасын бұрмалайды немесе түсініксіз етіп жеткізеді. Мұндай контент оқырманға қиындық туғызады және қазақ тіліндегі мазмұнның сапасын төмендетеді. Сапалы аударма жасау үшін тілді терең меңгерген кәсіби мамандардың еңбегі қажет. Қазақ тілінде мазмұндаушылар тек қана аудармаға сүйенбей, түпнұсқа контентті дамытуға да күш салуы керек.

Қазақ тіліндегі контенттің бәсекеге қабілеттілігі жаһандық ақпараттық кеңістікте өз орнын табу үшін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Әлемдік деңгейде танымал контент үлгілеріне қарап, қазақ тілінде де сапалы өнімдер ұсыну қажет. Визуалды, дыбыстық және мәтіндік контенттердің сапасын арттыру үшін кәсібиденгейдегі техникалық мүмкіндіктерді пайдалану маңызды. Егер контент сапалы әрі тартымды жасалса, ол кең аудиторияға жетіп, қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуге ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілді контент жасаушылар халықаралық тәжірибені меңгеріп, заман талабына сай медиа платформалардың мүмкіндіктерін тиімді қолдануы қажет. Контенттің бәсекеге қабілетті болуы оның сапасы мен мазмұнына тікелей байланысты екенін ескере отырып, бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізу керек.

### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Ерғали, Зейін (2023), Жаңа медиа және жаңа қазақша контент, Астана.
2. Төлеу, Мадияр (2020), Youtube: қазақша контенттің сапасы қандай?, Астана.
3. Мырзақадір, Дана (2025), Қазақ тілінің интернеттегі қадамы, Астана.
4. Қыдырәлі, Дархан (2023), Қазақ тілді контент сапасы артып келеді, Алматы.
5. Жүсіпова, Арайлым (2023), Қазақша контент, қандайсың?, Қазалы